

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Оңтүстік Қазақстан облысы

Б. Соқпакбаев атындағы жалпы орталық мектебі

Ғылыми жоба

Тақырыбы:

**Мұқабали поэзиясындағы
халықтық дәстүр**

*Багыты: Қазақстан тарихи ескерткіштері және болашақ дамуы ба-
маршруттары*

Секция: Эдебиет

Автор: Курманаев Линек

Түркістан облысы Шерінбеков ауданының

Б.Сокпакбаев атындағы мемориалдық мектебіндеғі 7-сынып шк. ученик

Жетекші мұғалім: Ахметова Л.К.

Б.Сокпакбаев атындағы мемориалдық мектебіндеғі 7-сынып шк. ученик
казақ тілі мен әдебиетіндеғі 7-сынып шк. ученик

Мазмұны

Kіріспе.....	2
Мұқагали поэзиясы-қымбат қазына	6
Негізгі болім:	
I. Ұлттық кадір-касиет-ұлттық байлығымыз	7
II. Мұқагали поэзиясындағы халықтық дәстүр	8
Қорытынды. Мұқагали рухымен сырласу	15
Пайдаланылған әдебиеттер	16

Абстракт (Аннотация)

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Осығының жоба М.Макатаевтың халықтық дәстүр, ұлттық болмыс мәселесін поэзиясында калай ту еткенін көрсетеді.

Мақсаты:

М.Макатаевтың өлеңдерінен дәлелдер келтіре отырып, қазіргі жастардан адамгершілік және ар – ұят, ұлттық байлықты, имандылықты сактау мәселесін іздеу.

Міндеттері:

1. Зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттерді оқып, талдап, саралау.
2. Ақының ақынның поэзиясындағы тіл, дін, салт-дәстүр, иман, ар – ұят, адамгершілік туралы мәселені ашып көрсету.
3. Ақынның ойын жас үрпакқа насиҳаттау.

Зерттеу әдістері: сауалнама жүргізу, жағдаяттарды шешу және корытынды шығару

Объектісі: Мұқагали Макатаевтың шығармалар жинағы

Зерттеу мәселесі: Мұқагали жазып қалдырган баға жетпес мұрасы жастарға ақыл - өситет, тәлім – тәрбие ретінде сабак болады.

Менің ойымша, осы таңдал алғынған тақырыбымның өзектілігі – ұлттық салт, дәстүр бар жерде сыйластық пен тәлім – тәрбие болады және тәрбиесі бар жас үрпактың адамгершілік рухы жоғары болады.

Абстракт

Актуальность: В этой научной работе показано то, как М.Макатаев в своей поэзии поднимает проблемы национальной особенности и народных традициях народа.

Цель: Поиск у современной молодежи такие качества, как честь, совесть и национальные нравственные ценности, аргументируя строки из стихов М.Макатаева.

Задачи:

1. Прочитать, разбирать, выделить литературу, связанную с темой исследовательской работы.
- 2.Показать проблемы, связанные с вопросами веры, религии, нравствости, традиции и обычаев, чести, совести, языка поэзии М.Макатаева.
- 3.Довести до молодого поколение мысли и рассуждения поэта.

Методы исследования: провести анкетирование, находить решение из ситуации и сделать вывода.

Объект: сборник сочинение М.Макатаева.

Проблемы исследования:

Бесценное наследие, которое оставил после себя М.Макатаев, является примером для подражания и уроком воспитания для молодежи.

«Мұқағали поэзиясындағы халықтық дәстүр» тақырыбындағы ғылыми жобага пікір

«Мұқағали поэзиясындағы халықтық дәстүр» тақырыбындағы ғылыми жоба ғасыр ақынының бага жетпес мұрасындағы жастарға жазып калдырган ақыл - өснегіне, тәлім - тәрбиесіне негізделген.

Окушының тандап алған тақырыбының өзектілігі - ұлттық салт, дәстүр бар жерде сыйластық пен тәлім - тәрбие болады және тәрбиесі бар жас үрпактың адамгершілік рухы жоғары болатынында.

Уақыт ете келе әр заманның өз талабына сай кейбір салт-дәстүрлер ұмытыла бастаса да, «дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар» дегендей, бұларды қайтадан жаңғыртып, қазіргі үрпактың есіне салу әрбір адамның міндеті екені дәлелденген жұмыс.

Осы жұмысты жазуда окушының іскерлік машинының шындалуына, әдебиет пәніне деген қызығушылығының артуына, шығармашылық ойлау деңгейінің көтерілуіне ықпал ете алатын жұмыс деп есентеуге болады.

Ғылыми жұмыстың жетекшісі: Алайдарова Л.Қ.

Мұқагали поэзиясы-қымбат қазына

Мұқагали Макатаев...

Тарих түрлауына айналған XX ғасырдың рухани кеңістігімізге тарту еткен осы бір ұлы есімі тілімнің ұшына оралған сайын, халқының жүргегіне өлшеусіз терен бойлап, елінің шексіз махаббатына бөлөнген, айдыны кен, аскары биік алып жырдың ұлан-ғайыр кеңістігі сана төрінде жаңғырапы даусыз. Өйткені бұл есім бүтінде жан мен жүрекке азық болар қуатты жырдың казакы болмысына айналып, халқының өміртану болмысымен біте қайнасып кетті. Қайда барсаныз да Мұқагали жырларының алдан шығары хақ. Қалаға да, далаға да ортак, ханға да, қараға да бірдей, көріге де, жаска да тән дүниелік құбылыстарды, тап басып айтуда дәл Мұқагалидай жеңіске жеткен ақын кемде-кем...

Мұқагали Макатаев поэзиясының құндылығын жас өскелен ұрпакқа паш ету- басты міндепті болса, сол міндепті шешуге өз үлесімді косу менің де парызым. Сондыктан мен поэзия пырағының жырларын зерттеп, өз ғылыми жұмысыма арқау еттім. Ақының ақынға арналған ғылыми жұмысының тақырыбы «Мұқагали поэзиясындағы халықтық дәстүр» деп аталады. Мұндағы басты мақсаты – ақын жырларына жан-жақты талдау жасау және халықтық дәстүр, ұлттық болмыс мәселесін поэзиясында калай ту еткенін көрсету.

Қазақтың салт- дәстүрлеріне тоқтала келе ақын поэзиясындағы осы бағыттағы өлеңдеріне тоқталдым. Ақын өлеңдеріндегі афоризмдерді табуға тырыстым. Арнайы жоспар бойынша ғылыми жобамды жаздым. Менің ойымша, таңдал алынған тақырыбының өзектілігін, яғни ұлттық салт, дәстүр бар жерде сыйластық пен тәлім – тәрбие болатының және тәрбиесі бар жас ұрпактың адамгершілік рухы жоғары болатынын, оның шығармаларының өміршешек екендігін танытуға тырыстым.

I. Ұлттық қадір-қасиет-ұлттық байлығымыз

Ұлттық болмыс - ұлттық қадір-қасиет. Ол – сатылмайтын байлық. Біз үшін сатылмайтын байлық- тіліміз, дініміз, ұлтымыз, Отанымыз. Бұл байлықтар біз үшін бәрінен де жоғары. Осы аталған нәрселер әр адамда бар, бірақ өкінішке орай, бәрі бағалай бермейтіні жүргегіме батады. Ана тілінде сөйлейтіндерден гөрі, шүлдірлеп сөйлейтін қазактар өте көп. Дінін сатып, басқа дінге көшкендер де жеткілікті.

Қазіргі кездегі елімізді толғандыратын мәселелердің бірі жастарды адамгершілікке, әдептілікке, адалдыққа, имандылыққа баулу. Менің осы тақырыпты таңдаудың себебі де осында.

- Ұлттық болмысымызды жандандыру үшін не қажет?

Осы сұрап төнірегінде ойланғанда, Франциядағы бала тәрбиесі жайындағы айтылған мынадай ойларды естідім. Француздар 3-4 жастагы сәбілер үшін елінің тарихы мен атақты адамдары туралы түрлі-түсті, әдемі кітапшаларды көтеп шығарады екен. Сондай-ақ, Францияның тол тарихы туралы өз сәбиіне түсіндіріп айту ата-аналардың басты міндетіне кіреді екен. Мен де бұл ойга толығымен косыламын. Біз жаңа дамып келе жатқан мемлекетпіз. Сондықтан өткеніміз бен бүгінімізге, ертеңімізге сынмен қарап, сара жолды таңдай білсек, болашағымыз жарқын болады емес пе?

Ұлттық болмыстың бастау алар бір көзі – тіл болса, екіншісі – тарих. Өз елінің, ұлтының тарихынан кол үзген адам тамырсыз ағаш іспеттес, өсуін тоқтатады. Атам қазак шықкан тегін білмеген адамды – «тексіз», тарихына тұшынып көрмеген адамды – «көргенсіз» деген. Тексіз болу – анаңнан, көргенсіз болу өзіңнен дейді. Білуге ұмтылmasak, көргенді түйе алmasak, адамдығымыздан не пайда?

Міне, осы кезде менің ойыма Мұхтар Әуезовтің: «Ел болам десен, бесігінді түзе» деген сөзі есіме түседі.

Ұлттық болмысы, яғни ұлттық рухы жок ұлт – ұлт емес. Ұлттық

болмысымыз жоғалса, мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, тіліміз, дініміз ұмыт болып, өзге ұлттың жетегінде кетеміз. Қазақ халқының егемендік алып, тәуелсіз ел болуы бір ай немесе бір жыл емес, сан ғасырлық жинақталған рухының жемісі. Егер бойларында ұлтқа деген патриоттық сезім, рух болмаса, тамыры терен тарихымызда бостандық пен болашақ бакыты жолында қылыш сермескен ата-бабаларымыз женіс тұғырынан көрінбес еді. Бір ғана Желтоқсан оқиғасы тарихымызда белен алуы ұлтымыздың бойында рухтың өшпегендігі емес пе? РУХ – тәуелсіздіктің көк байрагын желбіретken күш, биіктетер тұғыр.

Ірі ақындық қуат пен азаматтық ар-намыстың көркем жемісі әр шыгармасынан өрнек тауып, оқырманының ойына қанат, бойына қуат бітіріп, поэзия құдіретіне бас игізген – Мұқагали Макатаев.

II. Мұқагали поэзиясындағы халықтық дәстүр

Мұқагали халқының салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін, казакы ауыл тірлігін сезімталдықпен жырлаган. Оның халқының даналығын жырга косқан өлеңдері ұрпақ тәрбиесінің тұмар етіп тағар маржаны деп түсінем. Тәбәрік беру дәстүрі қазақ халқында ертеден бар. Ата-бабаның қастерлі бұйымдарын ұрпағына мұра етіп қалдыру оларға ұлкен ескерткіш, естелік болып табылады.

Әке, сенің тастап кеткен мұранды,
Төрт немерен көрген шакта қуанды.
Терің сінген такияға жармасып,
Алма кезек бірінен соң бірі алды,- деп әкенің көзіндегі бұйымды қастер тұтады. Оны жай бір бас кім емес, мұра деп түсінеді. Ата-баба мұрасын қастерлеп өскен үл әкенің осылай ангартады. «Бауыржан Момышулына» деген өлеңінде:

Аппак тонын-атамның тәбәрігін

Жұзге кел деп арканы жаба салам,-деуінде каншама өнеге жатыр.
Осындаи тектілікті үлгі етер өлендер баба мұрасына деген құрмет
сезімін бала жүргімізге нық ұялатары сөзсіз.

Ал «Қара шалғы» өлеңінде атасының кезін келіні мен баласының
қадірлемек түтілі, өз балаларына мирас етпей, айдалаға лактыра салғаны
айтылады.

Аттандырып келмеске қара шалды,
Қаныраған корада қара шалғы.

Ұңғысынан сырғын суырып ап,
Тамызыққа келіні жаға салды.

Қала берді тат басып қара шалғы.

Ақын бұл жерде тат басқан тәрбиені дөп басқан.
«Бесік басында» өлені – жастарға беретін тәлімі мен гибраты мол өлен.
Онда:

Ояту былай тұрсын рұқсат жок,
Ұйықтап жатқан ұлымды тербетуге, - деп Мұқагали өзі де әкелік сезімін
тазада тұнық халық дәстүрімен байланыстыра жырлайды.

Бесік тәрбиесі-бүкіл ұлттық тәрбиенің негізгі арқауы
десек, халқымыздың атадан әкеге, әкеден балага мұра болып келе жатқан
касиетті бүйымдарының бірі – бесік. Бесікті киелі деп есептеген. Мұнда
«Ұйықтап жатқан сәбидің бетінен сүйме» деген тыйым сөзді еске салады.
«Бос бесікті тербетпе» деп оны жаман ырымға жориды. Шынында да
үйқыдағы бала тыныштық, амандықта болу белгісінде емес пе? Мұндан
тыныштықты бұзу әдепсіздік деп түсінеміз. Оны өзге жанның ұстамақ
түгіл кол тигізуге дәті бармаган. Ұйықтап жатқан ұлының бесігін
тербетуге карсылық білдіріп, оны қызғыштай коргауының мәні осында
жатыр. Бесікте жатқан сәбиге жылан екеш жылан да тимеген. Сәби
үйқысын улы жәндік те бұзбаган деп, адамзатты сондай бір

сезімталдыққа баулиды. Жылан үйге кіріп қалса, ак тамызып шыгару керек деген ырымды әже аузынан жеткізеді.

Бұзықтың камшысындай иректелген,
Бұзық ит, сені не сор сүйреп келген.
Тамыз, кәне, сүтіннен тандайына
Тажал неме бізді де үй деп келген,-деген олең жолдарынан «Күйс үйден күр шығарма» деген нақыл сөзді санамызға құяды.

«Күзетші» олеңінде:

Өмірде алі кауіп көп қой не түрлі,
Қарт қалғымай күзетші бол бекінді.
Сәл ұйықтаса төрт немере төрт жакка,
Көзден гайып болатұғын секілді.

Қандай жарасымды айтылған шумак.. Мұнда карттар мен әжелердің немереге деген көзкарасы, ұлттық психологиясы көрінеді. Әрбір отбасындағы ата мен әже тұлғасы – ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлы өнегенің таусылмас қайнар көзі. Халқымыздың мақтанышы болған ұлы перзенттеріміздің қалыптасуына оларды әлдилеп өсірген әжелердің енбегі зор. Шоқанның әжесі Айғаным, Абайдың әжесі Зере, Мұхтардың әжесі Дінасіл өнегесі таусылмас қазына емес пе еді? Қазак халқының отбасындағы, әuletтегі тәрбие үрдісінде «Әжелер тәрбиесінің» мәнісі зор болды. Әжелердің үйелмендік тәрбиесі жас аналар, келіндер, бойжеткен қыздар үшін бала тәрбиесінің академиясы іспетті. Ана-ене салты, келін салтына сай 6 жасқа дейінгі нәрестелік, балбебектік кезіндегі ұлдардың тәрбиесіне әжелер мен аналар тікелей жауап берген. Ат жалын тартып, сундетке отырғызылғанға дейін кезеңдегі балбебектік кезіндегі ұлдардың жүрегіне ана махаббаты мен мейірбандық нұрын берген болса, ендігі жерде балиғаттық, бозбалалық, жігітшілік салтының қатал қағидаларына тәрбиелеу үшін, жасықтық, жуастық, жасқаншақтық тәрізді қасиеттерден арылту мақсатында


Ғылыми жоба авторы:

Түркістан облысы Шардара ауданы

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінің

7-сынып оқушысы Курманали Диана

Мұкағали жырларындағы халықтық дәстүр



Зерттеу жұмысының өзектілігі: Осы ғылыми жоба М.Мақатаевтың халықтық дәстүр, ұлттық болмыс мәселесін поэзиясында қалай ту еткенін көрсетеді.

Максаты:

М.Мақатаевтің өлеңдерінен дәлелдер келтіре отырып, қазіргі жастардан адамгершілік және ар – ұят, ұлттық байлықты , имандылықты сактау мәселесін іздеу.

Міндеттері:

1. Зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттерді оқып, талдап, саралау.
2. Ақын қызының поэзиясындағы тіл, дін, салт-дәстүр, иман, ар – ұят, адамгершілік туралы мәселені ашып көрсету.
3. Ақынның ойын жас ұрпаққа насихаттау.



Мазмұны

Кіріспе

Мұқағали поэзиясы-қымбат қазына

Негізгі болім:

I. Ұлттық қадір-қасиет-ұлттық
байлығымыз

II. Мұқағали поэзиясындағы халықтық
дәстүр

Корытынды.

Мұқағали рухымен сырласу



Бейнеке көңілдік дәл
жарылған жаңа шаша.
Сандықта көзін, аны
жарылған жаңа шаша.

— А.Джабай





Тәбәрік беру дәстүрі-
ата-бабаның қастерлі
бұйымдарын ұрпағына
мұра етіп қалдыру

Аппақ тонын – атамың тәбәрігін
Жүзге кел деп арқаңа жаба салам.
("Бауыржан Момышұлына")

Әке, сенің тастап кеткен мұранды,
Төрт немерең көрген шакта қуанды
Терің сіңген тақияңа жармасып,
Алма кезек бірінен сон бірі алды. "Әке")



Аттандырып келмеске қара шалды,
Қаңыраған қорада қара шалғы.
Ұңғысынан сырғын сурып ап,
Тамызыққа келіні жаға салды.
Қала берді тат басып қара шалғы. («Қара шалғы»)





Ұқсайды бар
тыныштық жер
бетінде
Ұйқыдағы сәбидің
келбетіне.
Ояту былай тұрсын
рұқсат жоқ,
Ұйықтап жатқан
ұлымды тербетуге
(«Бесік басында»)



Тыйымдар

- Бос бесікті тербетпе.
- Ұйықтап жатқан баланың бетін сүйме.
- Қуыс үйден құр шығарма.
- Үлкеннің алдын кеспе.
- Босағаны керме.
- Табалдырықта тұрма.
- Ақты төкпе.



“Іс ілгері бассын!”, “Өнім көп болсын!”, “Орта толсын!“, “Қырқар көбейсін!”, “Игіліктің сәтін салсын!” сиякты тілеулер айту өзінің ортақтастығын білдіру, ниеттестігін сездіру ежелгі қазақ дәстүрі.



Мұқағали мұрасы-қымбат қазына

